

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 8 қаңтардағы N 27 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 7 маусым N 770

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Инфракос" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 8 қаңтардағы N 27 Р960027\_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1996 ж., N 2, 9-құжат) мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

1) 3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар

министрлігінің Аэроғарыш комитеті "Инфракос" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының уәкілетті органы, сондай-ақ оған қатысты мемлекеттік меншік құқығының субъектісі функцияларын жүзеге асыратын орган болып белгіленсін.";

2) мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. "Инфракос" республикалық мемлекеттік кәсіпорнына "Инфракос-Экос" еншілес мемлекеттік кәсіпорнын құруға рұқсат берілсін".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Жұманазарова А.Б.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК